



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДЕГІ СҰЛУЛЫҚ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘНІ

Тастанбек Мөлдір
Әл-Фараби ат. ҚазҰУ,
1-курс магистранты

Аннотация. Мақалада “сұлулық” концептісі қазақ халқының негізгі құндылықтарының бірі ретінде қарастырылып, оның рухани-мәдени маңызы ашып көрсетіледі. Қазақ халқының сұлулыққа қатысты ғасырлар бойы қалыптасқан таным-түсінігіндегі фразеологизмдердің лингвомәдени уәжі қарастырылады. “Сұлулық” концептісі - қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, дүниетанымында, ауыз әдебиеті мен өнерінде кеңінен көрініс табады. Бұл мақалада қазақ тіліндегі сұлулық туралы фразеологизмдердің ерекшеліктері, оның тілдегі, әдебиеттегі және этнографиялық көріністері қарастырылады. Мақалада этнолингвистикалық талдау жүргізіліп, қазақ халқының сұлулыққа қатысты құндылықтары айқындалды.

Кілт сөздер: сұлу, сұлулық, келбет, дидар, сымбатты, концепті.

Annotation: The article examines the concept of “beauty” as one of the main values of the Kazakh people and highlighting its spiritual and cultural significance. It explores the long-established perceptions and understanding of beauty in Kazakh culture, as well as the linguistic and cultural motivation behind fixed expressions related to beauty in the Kazakh language. The concept of

“beauty” is widely reflected in the life, worldview, folklore and arts of the Kazakh people. This article analyzes the distinctive features of the concept of beauty in Kazakh perception, its representation in language, literature and ethnographic aspects. An ethnolinguistic analysis is conducted to identify the values associated with beauty in Kazakh culture.

Keywords: beautiful, beauty, appearance, face, pretty, concept.

Кіріспе. Фразеологизмдер – халықтың дүниетанымы мен мәдениетін бейнелейтін тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі сұлулыққа байланысты фразеологизмдер және тұрақты теңеулерде тек адамның сыртқы келбетіне ғана емес, мінез-кұлқы мен ішкі жан дүниесінің көркемдігіне де қатысты қолданылады.

“Қазақ теңеулерінің ең қомақты лексика-семантикалық топтарының бір саласы - тұрақты теңеулер... Тұрақты теңеулер - ежелден қалыптасып, тілде әбден сіңісіп кеткен образдық конструкциялар. Сол себепті де тұрақты теңеулер көркем әдебиетте де, фольклорда да, тіпті сөйлеу тілінде де, бейнелеу, мәнерлеу тәсілі ретінде өте жиі қолданылады. Қазақ тілінде тұрақты теңеулер өте көп, соған орай олардың семантикасы, структурасы, көркемдігі, эмоционалды-экспрессивті бояуы, шығу төркіні, жасалу жолдары сан алуан”. [1,106]

Біз әдемілік дегенде, көп жағдайда көзімізге тек әдемі адамдарды ғана елестетеміз. Әдемілік, табиғаттан бастап адамзат жасаған бүкіл дүниелерге тән құбылыс.

Әр халықтың әсемдік дүниесі сол елдің тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, дүниетанымымен біте қайнасқан. Қазақ халқының сұлулық туралы талғамы оның тұрмысымен байланысты қалыптасқан. Сұлулық категориясы - ұлттық сипатта. Қазақтың күнкөрісі төрт түлік малға, көшпелі өмірге байланысты болған. Қазақтың барлық дүниетанымы, наным-сенімі осы төрт түлік малдан туындаған. Мәселен, “жылқы мінезді жігіт” дейді. Дене тұрқы әдемілерді “құлын мүсін” дейді. Ең сұлу көздер - ботакөз, танакөз. Ботадан асқан сұлу жоқ. Осылардың бәрі ұлттық танымның шаруашылыққа байланысты қалыптасқан.

2014 жылы жарық көрген Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде “Сұлулық - адам жанын марқайтатын, көзін қуантатын, тамсантаып, тәнті ететін, таңырқататын, сүйіндіретін көрініс, қимыл-әрекет, пішін немесе ой-қиялдың жемісі” деп анықтама берілген. Аталған сөздікте сұлулық сөзіне екі түрлі түсінік беріледі:

1. Келбеттілік, өңділік, ажарлылық;
2. Әдемілік, әсемділік. [2, 172]

Ал қаса сұлу - асқан көрікті, ажарлы деген сияқты түсініктеме берілген. [2, 63]

Сұлулық – тек сыртқы келбет қана емес, адамның ішкі жан дүниесінің тазалығымен, мінез-кұлқымен, іс-әрекетімен тығыз байланысты ұғым. Сұлулықты ішкі және сыртқы яғни, жан мен тән сұлулығы деп бөліп қарастыруға болады. Себебі, адамдағы жалаң сыртқы сұлулық өзінің толыққанды мағынасын да аша алмайды. Бұл мақаланың мақсаты – қазақ тіліндегі сұлулық концептісінің фразеологизмдер арқылы көрінісін талдау.

Негізгі бөлім. Қазақ халқы - тілге бай халық. Оның ішінде әдемілікті, сүйкімділікті, сымбаттылықты, парасаттылық пен руханилықты, көркем мінезді және т.б. қоса қамтитын тұтастандырылған асқақ сұлулықты суреттейтін сөз тіркестері, теңеулер өте көп. Бұл ұғымдар синонимдес емес, әрбіреуі өздігінше жеке дара құбылыс.

Сұлулықты бейнелейтін фраземалар мен теңеулер фольклор тілі мен ауызша сөйлеу тілінде жиі кездеседі. Қазақ халқының тілдік қолданысында адамның сыртқы келбетін сипаттайтын көптеген тұрақты тіркестер бар. Қазақ тіліндегі “сұлу, әдемі” ұғымдары қазақ фразеологизмдерінің өте бай тіркестерін құрайды.

Әдетте, біз қыздың немесе жігіттің сұлулығы, көркемдігі жайында айтқанда, оның дене мүшелерінің жұрт мойындаған әдемілігі мен олардың жарасымды үйлесіміне, реңділігіне, бойының сымбаттылығына, үнінің назды, әуезділігіне, шырайының таза, балғындығына,

көзінің нұрлылығына, шашының қалың, толқынды не жібектей төгілгендігіне және т.б. сипаттама береміз. Олар көбіне теңеу, метафора, гипербола тәсілдері арқылы жасалған.

Қазақ халқының дүниетанымында адамның сұлулық туралы ұғымы келесі аспектілер арқылы көрінеді:

Тұлғаның сыртқы көркі – бет-әлпет, дене бітімі, жүріс-тұрыс үйлесімділігі;

Ішкі жан сұлулығы – ақыл-парасат, мінез-құлық, адамгершілік қасиеттер;

Тұлғаның сыртқы көркінің өзін екіге бөліп қарастыруға болады: әйел сұлулығына және ер адамның келбетіне қатысты фразеологизмдер.

Қазақ әйелінің сыртқы келбетін және ішкі жан сұлулығын суреттейтін фразеологизмдерде ұлттық болмыс пен дүниетанымдық ерекшелік бар. Қазақ әйелінің ойлау қабілетін, зейін-зерде ерекшелігін, мінезі мен сұлулығын суреттейтін фразеологизмдер тілде когнитивтік тұрғыдан көрініс табады. Фразеолог Г.Смағұлованың “Мағыналас фразеологизмдер сөздігі” еңбегінде бет, ажарға байланысты мынадай тұрақты тіркестер бар:

- Айдай аузы, күндей көзі бар – ай мен күнге теңеу арқылы ерекше сұлулықты бейнелейді.
- Ақ дидар - сұлу келбет, ақ құба өң, жүз.

Мысалы, ақын Сегіз сері Шақшақовтың «Қарғаш» атты өлеңінде:

*Ақ дидарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде салтанат құра алмаймын.
Сен есіме түскенде, беу қарғашым,
Кемесіндеі дарияның бұраңдаймын.*

- Алма бет – беті қызыл шырайлы, әдемі деген мағынада.
- Ақша бет - сұлу жүз, ақша бет.

Әзілхан Нұршайықов «Махаббат қызық мол жылдар» романында Меңтайдың сұлулығын «*Ақша бетте алқызыл нұр ойнап, үлбіреген қос ерін уылжи ашылып, телміре тұнып тұр*» деп суреттейді.

- Аршыған жұмыртқадай - кіршіксіз, әппақ, сұлу мағынада.
- Ақ құба - ақ жүзді, көрікті.
- Атқан таңдай - таң сынды, таң тәрізді.

“Қыз Жібек” жырында:

*“...Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай”.*

Бұл шумақта Жібектің сұлулығын “атқан таңға”, таңның тыныштығына, тұнықтығына теңейді.

- Бидай өңді - қызыл шырайлы, ашаң жүзді.

Бел-білекке қатысты:

- Ақ білек - жұмыр, сымбатты, күн шалмаған білек.
- Белі қылдай - қылдырықтай, жіп-жіңішке, нәзік.
- Қыпша бел - талдырмаш, нәзік, жіңішке бел.
- Бұраң бел – нәзік, сұлу дене бітімін білдіреді.

Мысалы, Абай Құнанбаевтың “Білектей арқасында өрген бұрым” өлеңінде:

“...Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,

Болады осындай қыз некен-саяқ...” - деп суреттеген. Қыздың сыртқы келбетін, белінің жіңішкелігін суреттеген.

Көз әдемілігін суреттеуге:

- Жәудір көз - мөлдіреген, жаудыраған сұлу көз.
- Күлім көз - күлкі табы білініп тұратын сүйкімді, сұлу көз.
- Қарақат көз - қарашығы қап-қара көз.
- Құралай көз - құралайдың көзі сияқты әдемі көз.

Мойынның әдемілігін суреттеуге қатысты:

- Алма мойын - әдемі, жұмыр мойын.
- Аққу мойын - кеудесі тік, иіліп келген сұңғақ мойын.

Дене бітімін, мүсінін суреттеуге байланысты:

- Құланның құлындай - сымбатты, сұлу.
- Сырдың құба талындай - жіп-жіңішке, нәп-нәзік.

Ал ер адамның келбетіне қатысты фразеологизмдер:

- Арыстандай айбатты, қобыландай қайратты - жануарлардың мықтылығына теңеу арқылы күш-қайратын суреттеу.
- Қаршыға көз - өткір жанарлы.
- Қапсағай денелі - ірі тұлғалы, зор денелі.
- Жұдырығы қолағаштай - мықты, күшті.
- Мұрты қияқтай - айбынды, беделді.
- Найзағайдың отындай жарқылдаған - өте жылдам, шапшаң, қаһарлы. [4, 134-137]

Түркі халықтарының танымда сұлулық тек сыртқы келбетпен емес, намыс, қайрат, жігер қасиеттерімен толықтырылып, дәріптелген. Қазақ халқы үшін сұлулық тек сыртқы келбетпен өлшенбейді. Адамның мінезі мен жан дүниесінің көркемдігі де үлкен маңызға ие. 2007 жылы жарық көрген І.Кеңесбаевтың “Фразеологиялық сөздігінде” мінез-құлық пен адамның ішкі жан сұлулығына байланысты мынадай фразеологизмдер бар:

- Жүзі жылы – мейірімді, жанға жайлы адам.

- Ақ жүрек – ақ, адал көңіл.

Мысалы, Абайдың А.С.Пушкиннен аударған «Онегениннің Татьянаға жазған хатында»:

Құп білемін, сізге жақпас,

Ескі жара білтелеу.

Ақ жүрегің енді ұнатпаса,

Мезгілі жоқ қай Медеу.

- деп Татьянаның көңілінің тазалығын, мөлдірлігін айтады.

- Ақ бейіл (көңіл, ниет) - таза, адал ойдағы адам; арамдығы күдігі жоқ көңіл.

- Ақ жарқын - жайдары, ашық көңілді.

Мысалы, Мұхтар Әуезовтің “Абай жолы” роман эпопеясында “...Сейіт балуан, жомарт, мінезінің үстіне аса сауықшыл, көңілді, ақ жарқын жігіт. Сол мінезі үшін бұны Әбенмен қоса, Абайдың іні досы ақын Дәрмен де аса қадірлейтін” - деп Сейіттің күштілігін, қайссарлығын ғана емес, қазақы болмыстағы қарапайымдылығын, көңілінің тазалығын суреттейді.

- Алтын мінезді – мінезі көркем, сабырлы адам.

- Ақ көкірек - ашық жан, мейірімді, адал ниет, ізгі тілекті кісі.

- Көркіне ақылы сай – сыртқы сұлулығы мен ақыл-парасаты тең түсетін адам.

- Көңілі дархан – жомарт, кеңпейіл жан.

- Ер жүрек - батыл, қайсар кісі туралы айтылады.

Дулат Бабатайұлының «Еспембет» поэмасында Еспембеттің мықтылығын, қайсарлығын бір шумақ жолмен төмендегідей суреттеген:

Еспембеттей ер жүрек,

Қолмен бірге келеді,

Топ “шу” десе, Ақбөрте,

Артына шаңды боратып.

- Жаны жайсаң – жақсы, жан дүниесі таза адам. [5]

Қорытынды. Сұлулыққа байланысты қолданылатын сөздер адамның эстетикалық танымын, ұлттық дүниетанымын айқындайды. Қазақ танымындағы сұлулық концептісі – ұлттық

дәстүрлер мен дүниетанымның ажырамас бөлігі. Ол тек сыртқы бейне ғана емес, адамгершілік, парасат, мінез сұлулығымен үйлесетін кешенді ұғым. Бұл концепция халықтың тілі мен әдебиетінде, мәдениетінде, салт-дәстүрінде берік орныққан. Қазақ фразеологизмдеріндегі сұлулық концептісі тек сыртқы келбетпен шектелмей, адамның ішкі жан дүниесі, мінез-құлқы, табиғат көріністері мен тұрмыс-салт ерекшеліктерін де қамтиды. Бұл тұрақты тіркестер халқымыздың эстетикалық талғамын, дүниетанымын, мәдени құндылықтарын айқын көрсетеді.

-
- 728 б.
1. Қоңыров Т. “Қазақ теңеулері”. - Алматы: Мектеп, 1978. - 106 б.
 2. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі- Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014.
 3. Асыллов Ұ, Нұсқабайұлы Ж. “Әдеп: инабаттылық дәрістері”. - Алматы: Рауан, 1998. - 173 б.
 4. Смағұлова Г. “Мағыналас фразеологизмдер сөздігі”. - Алматы: Елтаным, 2010. - 134 б.
 5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: Арыс, 2007. - 708 б.